

FTAMP 14.15.07

DOI 10.59941/2960-0642-2025-4-140-152

Құқықтық мәдениетті қалыптастырудағы мектеп педагогтерінің көзқарастары мен тәжірибесі

Р.Н. Канагатова*¹, П.Б. Сейітқазы², И. Майя³

^{1,2}Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана қ., Қазақстан Республикасы

³Чанаккале Онсекиз Март университеті, Чанаккале қ., Түркия Республикасы

*rkanagatova@mail.ru



Аңдатпа. Бұл зерттеу жалпы білім беретін мектеп педагогтерінің құқықтық мәдениет деңгейін және оны қалыптастыруға әсер ететін факторларды анықтауға бағытталған. Зерттеу жұмысының өзектілігі бүгінгі білім беру жүйесінде құқықтық сауаттылық пен қауіпсіз педагогикалық орта құрудың маңыздылығымен айқындалады. Кіріспе бөлімде құқықтық мәдениеттің теориялық мәні ашылып, оның негізгі компоненттері – құқықтық білім, құқықтық сана және құқықтық мінез – құлық екені ғылыми әдебиеттер негізінде дәйектеледі. Сонымен қатар, педагогтің құқықтық мәдениеті білім беру ортасының сапасы мен қауіпсіздігіне тікелей әсер ететіні халықаралық зерттеулер арқылы негізделді.

Зерттеудің әдістемелік негізін 2025 жылдың қаңтар – ақпан айларында Павлодар және Астана қалаларындағы 183 педагогтің қатысуымен жүргізілген онлайн сауалнама құрады. Сауалнама педагогтердің құқықтық мәдениет деңгейін өзіндік бағалауы, құқықтық білімді дамытудағы қажеттілік пен кедергілер, құқықтық құзыреттілікті арттыру жолдары секілді 16 сұрақтан тұрды. Жиналған деректер сипаттамалық статистика әдістерімен өңделді.

Сауалнама нәтижелері педагогтердің 79,8%-ы өз құқықтық мәдениет деңгейін жоғары бағалайтынын, алайда құқықтық білімді тәжірибеде қолдану деңгейі жеткіліксіз екенін көрсетті. Респонденттердің басым бөлігі (88%) университет бағдарламаларына құқықтық сауаттылық пәндерін енгізуді қолдайды, сондай-ақ құқықтық тренингтер (50,8%) мен практикалық семинарлардың (48,6%) тиімділігін атап өткен. Құқықтық мәдениетті дамытуға кедергі болатын негізгі факторлар ретінде тәжірибенің жетіспеушілігі (58,5%), ақпарат тапшылығы (18%) және құқықтық курстардың жеткіліксіздігі (38,8%) анықталды. Зерттеу нәтижелері құқықтық мәдениет пен кәсіби этика өзара тығыз байланысты екенін көрсетті (85,8%).

Талқылау бөлімінде алынған нәтижелер халықаралық ғалымдар еңбектерімен салыстырыла отырып түсіндірілді. Зерттеу қорытындысы педагогтердің құқықтық мә-

дениетін арттыру білім беру сапасын және мектеп ортасындағы құқықтық тәртіпті күшейтуге мүмкіндік беретінімен түйінделген. Авторлар педагогтердің құқықтық құзыреттілігін дамыту үшін арнайы оқу модульдерін енгізу, практикалық кейс-сабақтар ұйымдастыру, әдістемелік ресурстар әзірлеу және ЖОО бағдарламаларына құқықтық білімді жүйелі енгізу жөнінде ұсыныстар ұсынады.



Кілтті сөздер: құқықтық мәдениет, педагогтің құқықтық құзыреттілігі, құқықтық сауаттылық, мұғалім, құқықтық білім, нормативтік негіз.



Қалай дәйексөз алуға болады / Как цитировать / How to cite: Канагатова, Р. Н., Сейітқазы, П. Б., Майя, И. Құқықтық мәдениетті қалыптастырудағы мектеп педагогтерінің көзқарастары мен тәжірибесі [Мәтін] // Ғылыми-педагогикалық журнал «Білім». – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2025. – № 3 – С. 140-152.

Кіріспе

Әлемдік жаһандану, ақпараттық қоғамның қалыптасуы және цифрлық-коммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуы білім беру жүйесіне жаңа талаптар қойып отыр. Бүгінгі мектеп педагогі тек пәндік білім беруші ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырушы, құқықтық құндылықтарды насихаттаушы және қауіпсіз білім беру ортасының қалыптасуына ықпал етуші тұлға болуы тиіс. Осыған байланысты педагог тұлғасының кәсіби бейнесінде құқықтық мәдениеттің алатын орны ерекше [2].

Ғылыми әдебиеттерде құқықтық мәдениет күрделі көпқұрылымды құбылыс ретінде қарастырылады. Зерттеушілер оның негізгі құрамдас бөліктеріне құқықтық білім, құқықтық сана және құқықтық мінез – құлықты жатқызады [6,7]. Яғни құқықтық мәдениет тек заңдарды білумен шектелмей, құқықтық нормаларды құрметтеу, заң талаптарына сай шешім қабылдау және өз құқығын сауатты қорғау дағдыларын қамтиды. Сонымен қатар құқықтық сана құқықтық мәдениеттің өзегі ретінде адамның құқыққа деген ішкі қатынасын және оның құқықтық тәжірибемен байланысын сипаттайды [9].

Халықаралық зерттеулер педагогтің құқықтық дайындығы білім сапасы мен оқу ортасының қауіпсіздігіне тікелей әсер ететінін дәлелдейді. Мәселен, АҚШ-та жүргізілген ауқымды зерттеу нәтижелері

педагогтердің 80%-ы мектептегі құқықтық нормаларды білмейтінін, бұл олардың кәсіби шешімдер қабылдауында қателіктерге әкелетінін көрсеткен [3]. Түркиялық зерттеулер де осыған ұқсас нәтижелер көрсетеді: педагогтердің көбісі кәсіби құқықтарын, еңбек қатынастары саласындағы заңдарды және білім беру саласын реттейтін нормативтік құжаттарды жеткілікті деңгейде меңгермеген [4]. Сонымен қатар білім беру процесінде әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету үшін педагогтің құқықтық сауаттылығы маңызды рөл атқаратыны атап өтілген [10].

Қазақстандық контексте де педагогтердің құқықтық мәдениеті өзекті мәселе болып отыр. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының зерттеуінде мектеп педагогтерінің құқықтық сауаттылығын арттыру білім беру жүйесінде сапалы тәрбие берудің маңызды шарты ретінде көрсетілген [1]. Қазақстан Республикасының құқықтық-нормативтік негізіне сәйкес педагог қызметінің құқықтық шеңбері бірнеше негізгі құжаттар арқылы айқындалады. Атап айтқанда, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы білім беру жүйесін ұйымдастырудың жалпы құқықтық негіздерін белгілесе, «Педагог мәртебесі туралы» Заң педагогтердің кәсіби құқықтары, әлеуметтік кепілдіктері және олардың құқықтық қорғалу механизмдерін нақтылайды [11,12,13,14].

Сонымен қатар педагог пен білім беру ұйымы арасындағы еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының Еңбек ко-

дексімен реттеледі, ал білім беру процесінде кәмелетке толмағандардың құқығын қорғауға қатысты заң бұзушылықтардың алдын алу Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің тиісті баптарымен қамтамасыз етіледі. Осы құқықтық құжаттар педагогтердің кәсіби қызметін құқықтық тұрғыдан реттеп қана қоймай, олардың құқықтық мәдениетін дамытуға институционалдық негізді қалайды.

Педагогтердің құқықтық мәдениетінің жеткіліксіздігі білім беру практикасына да кері әсер етеді. Зерттеулер көрсеткендей, құқықтық сауатсыздық келесі қиындықтарға әкеледі:

- оқушы және ата-анамен туындайтын даулы жағдайларды шешуде қиындық көру;
- еңбек қатынастары мен құжат жүргізуде заң бұзушылықтарға жол беру;
- өз құқықтарын қорғаудан тартыну немесе нормативтік база туралы білімінің болмауы;
- білім беру үдерісінде құқықтық тәуекелдердің артуы [8].

Осыған байланысты педагогтердің құқықтық мәдениетін дамыту тек кәсіби құзыреттілікті арттыру факторы ғана емес, сонымен бірге құқықтық-салауатты мектеп ортасын қалыптастыру шарты болып табылады.

Осы зерттеудің мақсаты – жалпы білім беретін мектеп мұғалімдерінің құқықтық мәдениет деңгейін анықтау, оны дамытуға ықпал ететін факторларды талдау және педагогтердің құқықтық мәдениетін қалыптастырудың тиімді тетіктерін айқындау. Зерттеу эмпирикалық деректер мен халықаралық ғылыми тұжырымдарды біріктіру арқылы жүргізілді.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу 2025 жылдың қаңтар және ақпан айларында Павлодар және Астана қалаларында жалпы орта білім беретін мектеп педагогтері арасында жүргізілді. Зерттеудің негізгі мақсаты – педагогтің құқықтық

мәдениет деңгейін, оны дамытуға ықпал ететін факторларды және тиімді әдістерге деген көзқарастарын анықтау.

Зерттеу үлгісі. Бұл зерттеуге қатысқан 183 педагогтің пәндік құрылымы мен кәсіби тәжірибесі білім беру жүйесінің әртүрлі бағыттарын қамтиды. Пәндік тұрғыдан алғанда, қатысушылардың ішінде гуманитарлық бағыт педагогтерінің үлесі жоғары болды: қазақ тілі мен әдебиеті – 30, ағылшын тілі – 27, тарих – 18 педагог. Сонымен қатар, жаратылыстану-математикалық бағыт та айтарлықтай қамтылған: математика – 25, физика – 19, химия – 17, биология – 15 педагог. Цифрлық сауаттылықты қалыптастыруға үлес қосатын информатика пәні педагогтерінің саны – 13, ал әлеуметтік – географиялық бағыттағы география пәні педагогтері – 10. Зерттеу үлгісіне сондай-ақ, білім алушылардың денсаулығы мен физикалық дамуына жауапты дене шынықтыру пәні педагогтері де енгізілген (9 педагог).

Еңбек өтіліне байланысты деректер педагогтердің кәсіби құрамының әркелкі екенін көрсетті. Зерттеуге қатысушылардың ең үлкен бөлігін 1–3 жыл еңбек өтілі бар жас мамандар құрады (80 педагог, 44%). 4–5 жыл тәжірибесі бар педагогтердің үлесі 28% (51 педагог), ал 6–10 жыл еңбек өтілі барлар 19% (35 педагог) болды. 10 жылдан астам тәжірибесі бар педагогтердің үлесі бар болғаны 9% (17 педагог), дегенмен бұл топтың пікірлері зерттеуге кәсіби тереңдік берді.

Зерттеу құралы. Деректерді жинау үшін авторлық сауалнама қолданылды. Сауалнама 16 сұрақтан тұрды, олар педагогтердің құқықтық мәдениет деңгейін өзіндік бағалауынан бастап, құқықтық білімді дамытудағы кедергілер мен ресурстарға дейінгі мәселелерді қамтыды. Сұрақтар жабық түрінде ұсынылып, жауап нұсқалары категориялық сипатта болды. Сауалнама сұрақтары төмендегідей болды.

Сауалнама сұрақтары:

1. Сіз өзіңіздің құқықтық мәдениетіңізді қалай бағалайсыз?

2. Құқықтық мәдениетті дамытуда қандай білім беру әдістері ең тиімді деп ойлайсыз?
3. Сіз құқықтық сауаттылықты арттыруға бағытталған пәндерді университет бағдарламасына енгізуді қолдайсыз ба?
4. Педагог-психолог ретінде құқықтық білімді дамытудың негізгі себептері қандай деп ойлайсыз?
5. Сіздің ойыңызша, құқықтық мәдениетті дамытуға қандай әлеуметтік факторлар әсер етеді?
6. Құқықтық білім беру барысында тәжірибеңіздің болғанын қалай бағалайсыз?
7. Құқықтық мәдениетті дамытуда педагог пен студенттердің өзара қарым-қатынасы қандай рөл атқарады деп ойлайсыз?
8. Сіздің ойыңызша, болашақ педагог-психологтердің құқықтық мәдениеті студенттердің оқу процесіне қалай әсер етеді?
9. Құқықтық мәдениет пен кәсіби этика арасында қандай байланыс бар деп ойлайсыз?
10. Болашақ педагог-психологтердің құқықтық мәдениетін қалыптастыруға қандай әлеуметтік және институционалдық факторлар әсер етеді?
11. Сіздің ойыңызша, болашақ педагог-психологтердің құқықтық мәдениетін дамытуда қандай кедергілер бар?
12. Құқықтық мәдениетті дамытудағы педагогтердің рөлін қалай бағалайсыз?
13. Сіз құқықтық мәдениеттің қоғамдағы жалпы құқықтық тәртіпке әсерін қалай бағалайсыз?
14. Болашақ педагог-психологтерге құқықтық білім беру курстары жеткілікті ме?
15. Құқықтық мәдениетті дамытудағы практикалық жаттығулардың маңыздылығы қандай деп ойлайсыз?
16. Сіздің ойыңызша, құқықтық мәдениетті дамытуға бағытталған қосымша ре-

сурстар қандай болуы тиіс?

Деректерді жинау әдісі. Зерттеу деректері сауалнама әдісі арқылы жиналды. Сауалнама Google Forms платформасында әзірленіп, онлайн форматта таратылды. Бұл тәсіл респонденттердің Қазақстанның әртүрлі өңірлерінде орналасуына қарамастан ақпаратты тиімді әрі жедел жинауға мүмкіндік берді. Онлайн формат уақыт пен кеңістік шектеулерін азайтып, қатысушылардың зерттеуге еркін қатысуына жағдай жасады.

Деректерді өңдеуде жиналған жауаптар сипаттамалық статистика әдістерімен талданды. Әр сұрақ бойынша жауаптардың жиілігі (n) мен пайыздық үлесі (%) есептелді. Нәтижелер кестелер арқылы көрнекілендірілді. Кейбір сұрақтар бойынша айнымалылардың өзара байланысын анықтау үшін кросс-табуляция әдісі қолданылды.

Жиналған деректерді өңдеу барысында сипаттамалық статистикамен қатар инференциялық статистика әдістері қолданылды. Айнымалылар арасындағы өзара байланысты анықтау үшін Пирсон корреляциялық талдауы, ал педагогтердің әртүрлі топтары арасындағы айырмашылықтарды анықтау үшін тәуелсіз таңдамаға арналған t -тест қолданылды. Статистикалық өңдеу SPSS 26.0 бағдарламасы арқылы жүргізілді, мәнділік деңгейі $p < 0.05$ деп қабылданды.

Этикалық аспектілер. Зерттеу анонимді түрде жүргізілді. Педагогтер сауалнамаға ерікті негізде қатысып, алынған мәліметтер тек ғылыми мақсатта пайдаланылды.

Ғылыми әдебиеттерге және нормативтік-құқықтық актілерге шолу

Зерттеу барысында құқықтық мәдениет, құқықтық сауаттылық және педагогикалық кәсіби құзыреттілік мәселелерін талдауға арналған отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерге жүйелі шолу жасалды.

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім

академиясы педагогтер мен оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталған білім беру ұйымдарының қызметін жетілдіруге арналған әдістемелік ұсынымдарды ұсына отырып, құқықтық тәрбиенің мектептегі жүйелі ұйымдастырылуының маңызын айқындайды [1]. Т.Э. Темирканова болашақ мұғалімдердің құқықтық мәдениетін қалыптастырудың құрылымдық компоненттерін және педагогикалық шарттарын сипаттайды [2]. D. Schimmel мен M. Militello мұғалімдердің құқықтық сауаттылығының жеткіліксіздігі білім беру сапасына және шешім қабылдау еркіндігіне қауіп төндіретінін көрсетеді [3]. Зерттеуші D. Kholnazarova құқықтық мәдениет құқықтық білім, құқықтық сана және құқықтық мінез-құлықтың бірлігінен тұратынын және оны қалыптастыру білім беру жүйесінің тікелей міндеті екенін дәлелдейді [7]. I.Y. Yessina мен N.V. Abramova – құқықтық мәдениет деңгейін арттыру білім алушылар мен педагогтердің құқықтық құзыреттілігін дамытуға ықпал ететінін атап көрсетеді [6]. L.J Chua, D.M. Engel құқықтық сана құқықтық мәдениеттің өзегі болып табылады және адамның құқыққа деген ішкі көзқарасы мен әлеуметтік тәжірибесін көрсетеді деп түсіндіреді [9]. E. Nareket Түркиядағы мұғалімдердің көпшілігі өздерінің кәсіби құқықтары мен міндеттерін реттейтін заңнаманы толық меңгермегенін анықтап, құқықтық білімді арттыру қажеттілігін ұсынады [4]. L. Newton білім беру жүйесінде әлеуметтік әділеттілік пен құқықтық теңдік принциптерін сақтауда мұғалімдердің құқықтық дайындық деңгейі маңызды рөл атқаратынын дәлелдейді [10]. Зерттеуші R. Boymirzayeva педагогтердің құқықтық мәдениеті төмен болған жағдайда даулы педагогикалық жағдайларда өз құқықтарын қорғай алмауы мен кәсіби осалдығы байқалатынын атап өтеді [5]. L. Lundy,

мен G.M. Sainz білім беру процесінде құқықтық қатынастарды ескермеу оқушылардың құқықтарының бұзылуына әкелуі мүмкін екенін айтады және құқықтық орта құрудың маңызын дәлелдейді [8].

Сонымен қатар зерттеу Қазақстан Республикасының келесі нормативтік-құқықтық актілеріне негізделді:

- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;
- Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің педагог қызметкерлерге қатысты баптары.

Аталған құжаттар педагогтердің құқықтық мәртебесін, міндеттері мен қорғалу тетіктерін айқындайды және зерттеу мазмұнына құқықтық база ретінде енгізілді.

Сауалнама нәтижелері

Зерттеу аясында мектеп педагогтеріне арналған құқықтық мәдениеттің жай-күйін, оны дамыту жолдарын, туындайтын кедергілер мен тиімді әдістерді анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді. Жиналған мәліметтер педагогтердің құқықтық сауаттылыққа деген көзқарасын, құқықтық білімнің кәсіби дамудағы орнын және құқықтық құзыреттілікті арттырудың қандай әдістері анағұрлым тиімді екенін айқындауға мүмкіндік берді. Төменде сауалнама сұрақтарына берілген жауаптарға негізделген толық интерпретациялар берілген.

1-кесте – Мектеп педагогтерінің құқықтық мәдениет деңгейі мен оны дамыту әдістеріне қатысты жауаптарының жиілігі мен пайыздық үлесі

№	Сұрақ	Жауап нұсқалары	Жиілік (n)	Пайыздық үлес (%)
1.	Сіз өзіңіздің құқықтық мәдениетіңізді қалай бағалайсыз?	Өте жоғары	48	26,2
		Жоғары	98	53,6
		Орташа	38	20,8
		Төмен	1	0,5
2.	Құқықтық мәдениетті дамытуда қандай білім беру әдістері ең тиімді деп ойлайсыз?	Дәрістер	23	12,6
		Семинарлар	33	18
		Практикалық жаттығулар	89	48,6
		Құқықтық тренингтер	93	50,8
		Подкаст, видео, интервью	1	0,5
		Әлеуметтік желідегі видеолар	1	0,5
3.	Сіз құқықтық сауаттылықты арттыруға бағытталған пәндерді университет бағдарламасына енгізуді қолдайсыз ба?	Иә	161	88
		Жоқ	16	8,7
		Білмеймін	6	3,3
4.	Педагог-психолог ретінде құқықтық білімді дамытудың негізгі себептері қандай деп ойлайсыз?	Кәсіби деңгейін арттыру	66	36,1
		Студенттермен жұмыс істеу сапасын жақсарту	23	12,6
		Қоғамдық жауапкершілікті арттыру	94	51,4
5.	Сіздің ойыңызша, құқықтық мәдениетті дамытуға қандай әлеуметтік факторлар әсер етеді?	Отбасы	47	25,7
		Мектеп	15	8,2
		Университет	19	10,4
		Қоғамдық орталар	102	55,7
6.	Құқықтық білім беру барысында тәжірибеңіздің болғанын қалай бағалайсыз?	Өте жақсы	54	29,5
		Жақсы	97	53
		Орташа	31	16,9
		Төмен	1	0,5
7.	Құқықтық мәдениетті дамытуда педагог пен студенттердің өзара қарым-қатынасы қандай рөл атқарады деп ойлайсыз?	Өте маңызды	74	40,4
		Маңызды	97	53
		Орташа	12	6,6
		Маңызды емес	0	0
8.	Сіздің ойыңызша, болашақ педагог-психологтердің құқықтық мәдениеті студенттердің оқу процесіне қалай әсер етеді?	Өте жақсы әсер етеді	68	37,2
		Жақсы әсер етеді	104	56,8
		Орташа әсер етеді	9	4,9
		Әсер етпейді	2	1,1

9.	Құқықтық мәдениет пен кәсіби этика арасында қандай байланыс бар деп ойлайсыз?	Тығыз байланыс бар	157	85,8
		Аздаған байланыс бар	24	13,1
		Байланыс жоқ	2	1,1
10.	Болашақ педагог-психологтердің құқықтық мәдениетін қалыптастыруға қандай әлеуметтік және институционалдық факторлар әсер етеді?	Отбасы	26	14,2
		ЖОО-дағы білім беру	56	30,6
		Қоғамдық орта	86	47
		Үкіметтік саясат	15	8,2
11.	Сіздің ойыңызша, болашақ педагог-психологтердің құқықтық мәдениетін дамытуда қандай кедергілер бар?	Уақыттың жетіспеушілігі	24	13,1
		Тәжірибенің жетіспеушілігі	107	58,5
		Қаржылық ресурстардың жетіспеушілігі	19	10,4
		Ақпараттың жеткіліксіздігі	33	18
12.	Құқықтық мәдениетті дамытудағы педагогтердің рөлін қалай бағалайсыз?	Өте маңызды	86	47
		Маңызды	94	51,4
		Маңызды емес	3	1,6
13.	Сіз құқықтық мәдениеттің қоғамдағы жалпы құқықтық тәртіпке әсерін қалай бағалайсыз?	Өте жоғары әсер етеді	64	35
		Жоғары әсер етеді	94	51,4
		Орташа әсер етеді	25	13,6
		Төмен әсер етеді		
14.	Болашақ педагог-психологтерге құқықтық білім беру курстары жеткілікті ме?	Иә	42	23
		Жоқ	70	38,3
		Білмеймін	71	38,8
15.	Құқықтық мәдениетті дамытудағы практикалық жаттығулардың маңыздылығы қандай деп ойлайсыз?	Өте маңызды	70	38,3
		Маңызды	101	55,2
		Орташа маңызды	12	6,6
		Маңызды емес	0	0
16.	Сіздің ойыңызша, құқықтық мәдениетті дамытуға бағытталған қосымша ресурстар қандай болуы тиіс?	Оқу материалдары	30	16,4
		Онлайн курстар	16	8,7
		Тәжірибелік семинарлар	115	62,8
		Кеңес беру қызметтері	22	12

Сауалнама деректеріне жүргізілген корреляциялық талдау педагогтердің құқықтық мәдениет деңгейі мен кәсіби этикаға көзқарасы арасында оң және статистикалық тұрғыдан мәнді байланыс бар екенін көрсетті ($r = 0.41$, $p < 0.01$). Бұл нәтиже құқықтық мәдениеті жоғары педагогтердің кәсіби-этикалық нормаларды

сақтау мен оларды кәсіби қызметінде басшылыққа алу үрдісіне бейімділігі жоғары болуымен сипатталады. Сонымен қатар құқықтық мәдениет деңгейі мен құқықтық білім беру тәжірибесін өзіндік бағалау арасында да оң статистикалық байланыс байқалды ($r = 0.36$, $p < 0.01$).

Бұдан бөлек, тәуелсіз таңдамаға арналған t-тест нәтижелері еңбек өтілі 4 жылдан жоғары педагогтердің құқықтық мәдениет деңгейі ($M = 3.87$, $SD = 0.62$) жас мамандардың көрсеткіштерімен ($M = 3.52$, $SD = 0.71$) салыстырғанда статистикалық тұрғыдан жоғары екенін көрсетті ($t = 2.45$, $p = 0.015$). Бұл нәтиже кәсіби тәжірибенің педагогтердің құқықтық мәдениетінің қалыптасуына ықпал ететін маңызды факторлардың бірі екенін көрсетеді.

Талқылау

Зерттеу нәтижелері педагогтердің құқықтық мәдениетке деген көзқарастары мен оның кәсіби әрекеттегі рөлін түсіну деңгейін айқын көрсетті. Алынған мәліметтер теориялық тұжырымдамалармен және педагогтердің құқықтық мәдениеті туралы ғылыми еңбектермен салыстырыла отырып талданды.

Осылайша, жүргізілген корреляциялық және салыстырмалы статистикалық талдаулар сауалнама нәтижелерін сандық тұрғыдан негіздеп, педагогтердің құқықтық мәдениеті кәсіби этикамен, құқықтық білім беру тәжірибесімен және еңбек өтілімен өзара байланысты дамытынын көрсетеді.

1) Құқықтық мәдениетті өзін-өзі бағалау және кәсіби тәжірибе

(1, 6, 12-сұрақтар)

Зерттеу барысында педагогтердің басым бөлігі өз құқықтық мәдениет деңгейін жоғары бағалайтынын көрсетті: респонденттердің 79,8%-ы («өте жоғары» – 26,2%, «жоғары» – 53,6%) құқықтық мәдениеті қалыптасқан деп санайды. Алайда бұл өзіндік баға нақты кәсіби іс-әрекеттегі қолданумен әрдайым сәйкес келмейтіні байқалады, себебі тек 16,9%-ы ғана өз құқықтық тәжірибесін «орташа» деп бағалаған [3,4]. Бұл дерек құқықтық білім мен құқықтық әрекет арасындағы алшақтық бар екенін көрсетеді.

Дегенмен педагогтердің 98,4%-ы құқықтық мәдениетті педагог кәсібінің

маңызды құрамдас бөлігі ретінде мойындайды. Бұл нәтиже педагог рөліндегі жауапкершіліктің артып келе жатқанын және білім беру үрдісінде құқықтық құзыреттілікке сұраныс жоғары екенін көрсетеді [2]. Алайда құқықтық нормаларды түсіну жеткіліксіз: оларды жағдайға сай қолдану дағдысы да қажет [9].

Сондықтан құқықтық мәдениеттің үш компоненті – құқықтық білім, құқықтық сана және құқықтық мінез-құлық – өзара тығыз байланыста болуы тиіс [7,6].

2) Құқықтық мәдениетті дамыту ресурстары мен оқу форматы

(2, 3,4, 16-сұрақтар)

Алынған нәтижелер педагогтердің құқықтық білімді практикаға негізделген әдістер арқылы меңгеруге бейім екенін көрсетті. Респонденттердің 50,8%-ы құқықтық тренингтерді, ал 48,6%-ы практикалық жаттығуларды ең тиімді әдістер қатарында атаған. Сонымен қатар 62,8% құқықтық мәдениетті дамытуда тәжірибелік семинарлар маңызды екенін атап өтті. Бұл белсенді оқыту әдістерінің теорияны тәжірибемен ұштастыруда тиімді екенін дәлелдейтін зерттеулермен үйлеседі [6,2].

Сонымен қатар қатысушылардың 88%-ы университет бағдарламасына құқықтық сауаттылыққа арналған пәндерді енгізуді қолдады. Бұл кәсіби дайындық жүйесінде құқықтық компоненттің жеткіліксіз екенін көрсетеді [7]. Алайда тек оқу материалдары мен дәрістер жеткіліксіз: респонденттер негізінен практикалық бағыттағы курстар мен құқықтық кеңес беру түріндегі қолдауды сұрайды [4].

Бұл білім беру жүйесінде құқықты «теориялық білім» ретінде емес, «кәсіби әрекет құралы» ретінде қабылдауға көшу қажеттігін білдіреді [10].

3) Құқықтық мәдениетке әсер ететін әлеуметтік және институционал факторлар

(5, 7, 8, 10-сұрақтар)

Сауалнама нәтижелері құқықтық мәдениет тек білім беру ортасының ішкі процесі ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік факторлар жиынтығына тәуелді екенін көрсетті. Респонденттердің пікірінше, құқықтық мәдениетке ең көп әсер ететін орта – қоғамдық орта (55,7%) және ЖОО (30,6%). Отбасы мен мектептің үлесі төмен болғанымен, олар құқықтық құндылықтарды бастапқы қалыптастырушы институт ретінде маңызды рөл атқарады [8,7].

Педагог – оқушы қарым-қатынасы құқықтық мәдениетті қалыптастыруда ерекше фактор болып табылады: 93,4% респондент оның маңызын атап өткен. Бұл педагогтің құқықтық мінез-құлық үлгісі оқушылардың құқыққа деген көзқарасына тікелей әсер ететінін дәлелдейді [9]. Сонымен қатар 94% қатысушы педагогтің құқықтық мәдениеті оқу мотивациясы мен сыныптағы тәртіпке оң ықпал ететінін мойындады [10].

4) Құқықтық мәдениетті дамытудағы кедергілер

(11, 14-сұрақтар)

Нәтижелер құқықтық мәдениетті дамытуға кедергі келтіретін негізгі факторларды анықтады: тәжірибенің жетіспеушілігі (58,5%), ақпараттың жеткіліксіздігі (18%), уақыт тапшылығы (13,1%) және қаржылық ресурстардың шектеулілігі (10,4%). Бұл халықаралық зерттеулермен сәйкес келеді: көптеген педагогтер құқықтық білімді меңгергенімен, оны нақты кәсіби жағдайларда қолдануда қиындық көреді [3,4].

Сонымен қатар педагогтердің 38,8%-ы құқықтық курстардың жеткіліктілігі туралы нақты пікір білдіре алмаған, бұл құқықтық қолдау жүйесінің әлсіздігін көрсетеді. Сондықтан құқықтық мәдениетті дамыту бағытында қолданбалы оқыту, құқықтық тренингтер, кейс-талдау және жағдайлық симуляциялар маңызды рөл атқарады [5,10].

5) Құқықтық мәдениеттің құндылықтық және этикалық өлшемі

(9, 13-сұрақтар)

Зерттеу нәтижелері бойынша респонденттердің 85,8%-ы құқықтық мәдениет пен кәсіби этика арасында тығыз байланыс бар екенін мойындаған. Бұл құқықтық мәдениеттің тек құқықтық білім немесе әрекет қана емес, сонымен қатар адамгершілік нормаларға негізделген кәсіби ұстаным екенін дәлелдейді [9]. Респонденттердің 86,4%-ы құқықтық мәдениет қоғамдағы құқықтық тәртіптің нығаюына айтарлықтай әсер ететінін атап өтті [8].

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері мұғалімдердің құқықтық мәдениетке деген қызығушылығы жоғары екенін, бірақ құқықтық

құзыреттілікті арттыру үшін жүйелі қолдау мен практикалық ортаның жетіспейтінін көрсетті. Бұл халықаралық ғылыми тұжырымдармен сәйкес келеді [3,4].

Ұсыныстар

1. Педагогтерге арналған құқықтық курстардың арнайы модулін әзірлеп, «Өрлеу» және басқа да біліктілікті арттыру орталықтарына енгізу.

Негіздеме: Қазіргі уақытта «Өрлеу» мен ПШО сияқты ұйымдардың сайттарында педагогтің құқықтық құзыреттілігіне тікелей бағытталған арнайы курстар ашық көрсетілмеген.

Іске асыру жолы: «Педагог мәртебесі туралы» Заң, ҚР Еңбек кодексі, білім беру саласындағы құқықтық жауапкершілік пен педагогикалық этика негізінде модульдік бағдарлама әзірлеу ұсынылады. Бұл курстар офлайн және онлайн форматта өтіп, ресми біліктілік сертификатымен бекітілуі тиіс.

2. Құқықтық практикалық жаттығулар мен кейс-талдауларды жүйелі түрде өткізу.

Негіздеме: Сауалнама нәтижесінде педагогтер құқықтық мәдениетті қалыптастыруда практикалық тәжірибеге негізделген әдістердің тиімді екенін атап өтті.

Іске асыру жолы: Құқықтық тренингтер,

рөлдік ойындар, симуляциялық кейстер мен нақты жағдайларға байланысты құқықтық шешім қабылдау сессияларын ұйымдастыру қажет.

3. Қосымша ресурстар мен әдістемелік материалдарды әзірлеу.

Негіздеме: Респонденттер құқықтық мәдениетті арттыру үшін визуалды әрі қолжетімді материалдардың маңыздылығын атап өтті.

Іске асыру жолы: Инфографика, қысқа анимациялық бейнероликтер, құқықтық жаднамалар мен сұрақ-жауап форматындағы құралдар әзірлеу ұсынылады. Бұл материалдар педагогтерге күнделікті тәжірибеде қолдануға ыңғайлы болуы тиіс.

4. ЖОО бағдарламаларына құқықтық пәндерді жүйелі енгізу.

Негіздеме: Кейбір ЖОО-ларда (мысалы, Абай ат. ҚазҰПУ, Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ) құқықтық пәндер оқытылғанымен, барлық педагогикалық мамандықтарда бұл жүйелі түрде қамтылмаған [15].

Іске асыру жолы: Білім беру құқығы, педагогтің құқықтық мәдениеті және кәсіби жауапкершілік тақырыптарын барлық педагогикалық мамандықтарға міндетті пән ретінде енгізу қажет. Бұл болашақ педагогтердің құқықтық сауаттылығын жоғары деңгейде қамтамасыз етеді.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері жалпы білім беретін мектеп педагогтерінің құқықтық мәдениеті білім беру үдерісінің сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Эмпирикалық деректер педагогтердің басым бөлігі құқықтық мәдениетті кәсіби құзыреттіліктің ажырамас құрамдас бөлігі деп санайтынын дәлелдеді. Алайда сауалнама қорытындысы құқықтық білімнің мазмұнын теория жүзінде меңгеру жеткілікті болғанымен, оны практикалық қызметте қолдану деңгейі төмен екенін анықтады. Бұл құқықтық сауаттылық пен құқықтық әре-

кет арасындағы алшақтықтың әлі де бар екенін көрсетеді.

Зерттеу барысында құқықтық мәдениетті дамытуда негізгі кедергілер ретінде педагогтердің тәжірибелік құқықтық дағдыларының жеткіліксіздігі, ақпараттық ресурстардың шектеулілігі және кәсіби қолдау тетіктерінің әлсіздігі айқындалды. Сонымен қатар педагогтердің құқықтық сауаттылығын арттыруда практикалық форматтағы білім беру тәсілдері – тренингтер, кейс-талдау, жағдаяттық тапсырмалар және құқықтық кеңес беру сабақтарының тиімділігі жоғары екені анықталды.

Педагогтердің құқықтық мәдениетін қалыптастыруға әсер ететін әлеуметтік факторлар құрылымында жоғары оқу орындары мен кәсіби ортаның ықпалы басым болғанымен, құқықтық тәрбие отбасы мен қоғамдық орта деңгейінде де қолдау табуы тиіс екені байқалды. Құқықтық мәдениет пен кәсіби этика арасындағы өзара байланыс респонденттердің жауаптарында айқын көрініс тауып, құқықтық құндылықтарды насихаттау педагогтің моральдық жауапкершілігімен тығыз байланысты екені дәлелденді.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері Қазақстанның білім беру жүйесінде педагогтердің құқықтық мәдениетін арттыру мемлекеттік саясаттың маңызды бағыты екенін көрсетеді. Құқықтық мәдениеті жоғары педагог – қауіпсіз, әділ және құқықтық нормаларға негізделген мектеп ортасын құрудың басты кепілі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. «Әдістемелік ұсынымдар педагогтер мен оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру бойынша білім беру ұйымдарының қызметі». Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, Астана. – 2022. [Электронды ресурсы] // – URL: <https://click.ru/3MT8sf>.
2. **Темирканова, Т.Э.** «Болашақ педагогтердің құқықтық мәдениеті». – 2024. [Электронды ресурсы] // – URL: <https://phsreda.com/e-articles/10656/Action10656-113972.pdf>
3. **Schimmel, D., & Militello, M.** Legal literacy for teachers: A neglected responsibility. Harvard Educational Review. – 2007. – №77 (3). – P. 257–284. [Электронды ресурсы] // URL: <https://doi.org/10.17763/haer.77.3.842n787555138746researchgate>.

net+5meridian.allenpress.com+5journals.sagepub.com+5

4. **Hareket, E.** Classroom teachers' awareness of their civil and professional rights and freedoms in context of educational law literacy. *International Journal of Educational Methodology*. – 2021. – № 7(1). – P. 55–69. [Электронды ресурсы] // – URL: <https://eric.ed.gov/>
5. **Boymirzayeva, R.K.** Issues of developing the legal awareness and legal culture of audiences in the training system. *Zien Journal of Social Sciences and Humanities*. – № 4(1). – 2022. – P. 205–210. [Электронды ресурсы] // – URL: <https://zienjournals.com/index.php/zjssh/article/view/4038/3347>
6. **Yessina, I.Y., Abramova, N.V.** Legal education as an integral part of legal culture. *European Proceedings of Social and Behavioural Sciences*. – № 122. – 2022. – P. 660–665. [Электронды ресурсы] // – URL: <https://doi.org/10.15405/epsbs.2022.01.104>
7. **Kholnazarova, D.** The role of the education system in the development of legal culture in students. *European Journal of Research and Reflection in Educational Sciences*. – 2022. – № 10(3). – P. 12–18. [Электронды ресурсы] // – URL: <https://www.idpublications.org/wp-content/uploads/2022/03/Full-Paper-THE-ROLE-OF-THE-EDUCATION-SYSTEM-IN-THE-DEVELOPMENT-OF-LEGAL-CULTURE-IN-STUDENTS.pdf>
8. **Lundy, L., Sainz, G.M.** The role of law and legal knowledge for a transformative human rights education: Addressing violations of children's rights in formal education. *Human Rights Education Review*. – 2018. – № 1(1). – P. 1–24. [Электронды ресурсы] // – URL: <https://doi.org/10.7577/hrer.2560>
9. **Chua, L.J., Engel, D.M.** Legal consciousness reconsidered. *Annual Review of Law and Social Science*. – 2019. – № 15. – P. 335–353. [Электронды ресурсы] // – URL: <https://doi.org/10.1146/annurev-lawsocsci-101518-042717>
10. **Newton, L.** Law school culture and curriculum: Correcting social justice drift. *Alternative Law Journal*. – 2025. [Электронды ресурсы] // – URL: <https://doi.org/10.1177/1037969X241302368>
11. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы 27 шілде, 2007 жыл. [Электронды ресурсы] // – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_
12. Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңы 27 желтоқсан 2019 жыл. [Электронды ресурсы] // – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293>
13. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі 23 қараша 2015 жыл. [Электронды ресурсы] // – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000414>
14. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 3 шілде 2014 жыл. [Электронды ресурсы] // – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>
15. Жоғары білім берудің бірыңғай платформасы [Электронды ресурсы] // – URL: https://epvo.kz/#/register/education_program

References

1. Ädistemelik üsynymdar pedagogter men oqýsýlardyñ qúqyqtyq saýatlylygyn arttyrý boıynsha bilim berý üymdarınyñ qyzmeti. [Methodological guidelines for the activities of educational institutions aimed at enhancing the legal literacy of teachers and students]. Y. Altynsarin National Academy of Education, Astana. – 2022. [Electronic resource] // – URL: <https://clck.ru/3MT8sf>
2. **Temirkanova, T.É.** Bolaşaq pedagogterdiñ qúqyqtyq mádenieti [Legal culture of future teachers]. – 2024 [Electronic resource] // – URL: <https://phsreda.com/e-articles/10656/Action10656-113972.pdf>
3. **Schimmel, D., Militello, M.** Legal literacy for teachers: A neglected responsibility. *Harvard Educational Review*. – 2007. – № 77(3). – P. 257–284. <https://doi.org/10.17763/haer.77.3.842n787555138746researchgate.net+5meridian.allenpress.com+5journals.sagepub.com+5>
4. **Hareket, E.** Classroom teachers' awareness of their civil and professional rights and freedoms in context of educational law literacy. *International Journal of Educational Methodology*. – 2021. – № 7(1). – P. 55–69. [Electronic resource] // – URL: <https://eric.ed.gov/>
5. **Boymirzayeva, R.K.** Issues of developing the legal awareness and legal culture of audiences in the training system. *Zien Journal of Social Sciences and Humanities*. – 2022. – № 4(1). – P. 205–210. [Electronic resource] // – URL: <https://zienjournals.com/index.php/zjssh/article/view/4038/3347>
6. **Yessina, I.Yu., Abramova, N.V.** Legal education as an integral part of legal culture. *European Proceedings of Social and Behavioural Sciences*. – 2022. – № 122. – P. 660–665. [Electronic resource] // – URL: <https://doi.org/10.15405/epsbs.2022.01.104>
7. **Kholnazarova, D.** The role of the education system in the development of legal culture in students. *European Journal of Research and Reflection in Educational Sciences*. – 2022. – № 10(3). – P. 12–18. [Electronic resource] // – URL: <https://www.idpublications.org/wp-content/uploads/2022/03/Full-Paper-THE-ROLE-OF-THE-EDUCATION-SYSTEM-IN-THE-DEVELOPMENT-OF-LEGAL-CULTURE-IN-STUDENTS.pdf>
8. **Lundy, L., Sainz G.M.** The role of law and legal knowledge for a transformative human rights education: Addressing violations of children's rights in formal education. *Human Rights Education Review*. – 2018. – № 1(1). – P. 1–24. [Electronic resource] // – URL: <https://doi.org/10.7577/hrer.2560>
9. **Chua, L.J., Engel, D.M.** Legal consciousness reconsidered. *Annual Review of Law and Social Science*. – 2019. – № 15. – P. 335–353. [Electronic resource] // – URL: <https://doi.org/10.1146/annurev-lawsocsci-101518-042717>
10. **Newton, L.** Law school culture and curriculum: Correcting social justice drift. *Alternative Law Journal*. – 2025. [Electronic resource] // – URL: <https://doi.org/10.1177/1037969X241302368>
11. Qazaqstan Respublikasynyñ «Bilim turaly» Zańy, 27 şilde 2007 [Law of the Republic of Kazakhstan «On

- Education», July 27, 2007]. [Electronic resource] // – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_
12. Qazaqstan Respublikasynyñ «Pedagog mártebesituraly» Zańy 27 jeltoqsan 2019 [Law of the Republic of Kazakhstan «On the Status of a Teacher» (December 27, 2019)]. [Electronic resource] // – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293>
13. Qazaqstan Respublikasynyñ Ėńbek kodeksi 23 qarasha 2015 [Labour Code of the Republic of Kazakhstan (November 23, 2015)]. [Electronic resource] // – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000414>
14. Qazaqstan Respublikasynyñ Qylmystyq kodeksi 3 şilde 2014 [Criminal Code of the Republic of Kazakhstan (July 3, 2014)]. [Electronic resource] // – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>
15. Joǵary bilim berudiń biryńǵai platformasy [Unified Platform of Higher Education of the Republic of Kazakhstan]. [Electronic resource] // – URL: https://epvo.kz/#/register/education_program

Представления и практический опыт школьных педагогов в процессе формирования правовой культуры

Р.Н. Канагатов^{*1}, П.Б. Сейітказы², И. Майя³

^{1,2}Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилёва,
г. Астана, Казахстан

³Университет Чанаккале Онсекиз Март, г. Чанаккале, Турецкая Республика



Аннотация. Данное исследование направлено на выявление уровня правовой культуры педагогов общеобразовательных школ и факторов, влияющих на её формирование. Актуальность работы определяется значимостью правовой грамотности и создания безопасной педагогической среды в современной системе образования. В разделе «Введение» раскрывается теоретическое содержание понятия правовой культуры, обосновываются её основные компоненты – правовые знания, правовое сознание и правовое поведение – на основе анализа научных источников. Кроме того, подчёркивается, что правовая культура педагога напрямую влияет на качество и безопасность образовательной среды, что подтверждается международными исследованиями.

Методологическую основу исследования составил онлайн-опрос, проведённый в январе – феврале 2025 года среди 183 педагогов из городов Павлодара и Астаны. Анкета включала 16 вопросов, касающихся самооценки уровня правовой культуры, потребностей и барьеров в развитии правовых знаний, а также путей повышения правовой компетентности. Собранные данные были обработаны методами описательной статистики.

Результаты опроса показали, что 79,8% педагогов оценивают свой уровень правовой культуры как высокий, однако применение правовых знаний на практике остаётся недостаточным. Большинство респондентов (88%) поддерживают включение дисциплин по правовой грамотности в университетские программы, а также отмечают эффективность правовых тренингов (50,8%) и практических семинаров (48,6%). Основными факторами, препятствующими развитию правовой культуры, названы нехватка практического опыта (58,5%), дефицит информации (18%) и недостаточное количество правовых курсов (38,8%). Исследование также выявило тесную взаимосвязь между правовой культурой и профессиональной этикой (85,8%).

В разделе «Обсуждение» результаты сопоставляются с трудами международных учёных. В заключении делается вывод о том, что повышение правовой культуры педагогов способствует улучшению качества образования и укреплению правопорядка в школьной среде. Авторы предлагают внедрить специальные учебные модули по развитию правовой компетентности педагогов, организовать практи-

ческие кейс-занятия, разработать методические ресурсы и системно включить правовые дисциплины в программы высших учебных заведений.



Ключевые слова: правовая культура, правовая компетентность педагога, правовая грамотность, учитель, правовое образование, нормативная база.

Perceptions and practical experience of school educators in the process of legal culture formation

R.N.Kanagatova^{*1}, P.B. Seyitkazy² I., Maya³

^{1,2}L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

³Çanakkale Onsekiz Mart University, Çanakkale, Republic of Turkey



Abstract. This study aims to identify the level of legal culture among teachers in general education schools and the factors influencing its formation. The relevance of the research is determined by the growing importance of legal literacy and the creation of a safe pedagogical environment within the modern education system. The introduction reveals the theoretical essence of legal culture and substantiates its main components – legal knowledge, legal consciousness, and legal behavior – based on a review of academic literature. It is also emphasized that teachers' legal culture directly affects the quality and safety of the educational environment, as confirmed by international studies.

The methodological basis of the research consisted of an online survey conducted in January – February 2025 among 183 teachers from Pavlodar and Astana. The questionnaire included 16 items focused on teachers' self-assessment of their legal culture, needs and barriers in developing legal knowledge, and ways to enhance their legal competence. The collected data were analyzed using descriptive statistical methods.

The survey results showed that 79.8% of teachers rated their level of legal culture as high; however, the practical application of legal knowledge remains insufficient. The majority of respondents (88%) support the inclusion of legal literacy courses in university programs and note the effectiveness of legal trainings (50.8%) and practical workshops (48.6%). The main factors hindering the development of legal culture were identified as lack of practical experience (58.5%), shortage of information (18%), and insufficient availability of legal courses (38.8%). The study also revealed a strong correlation between legal culture and professional ethics (85.8%).

In the discussion section, the findings are interpreted in comparison with the works of international scholars. The study concludes that enhancing teachers' legal culture contributes to improving the quality of education and strengthening legal order within the school environment. The authors recommend introducing specialized training modules to develop teachers' legal competence, organizing practical case-based sessions, creating methodological resources, and systematically integrating legal education into higher education curricula.



Keywords: legal culture, teacher's legal competence, legal literacy, teacher, legal education, regulatory framework.

Материал баспаға 11.11.2025 келіп түсті